

тақырыптарда ұзақ әңгімелескен едік. Сол сәттердің жарқын көрінісі мен елесі көңілімде сайрап тұр, есіме жиі алып, қайран ағаны сағынамын...

1978 жылы жыл қорытындысы бойынша үздік көрсеткіштерге жетіп, Алтынбек Дәрібаев бастаған болат қорытушылар бригадасы «Социалистік еңбек озаты» деген атаққа ие болды, ал Алтынбек Дәрібаев сол жолы Социалистік Еңбек Ері атанды.

Алтынбек Дәрібаев сол кеңестік дәуірдегі ең жоғарғы марапаттың бірі – Ленин орденімен бар болғаны он тоғыз жасында марапатталыпты

А. Дәрібаев металлург мамандығының даңқын асырды және еңбек түбі – зейнет екенін дәлелдеген жан. Осындай аяулы жан арамызда жоқ, бірақ ол кісінің жарқын бейнесі мен істеген істері теміртаулықтардың, қызметтес болған әріптестерінің, алдыңғы толқын – ардагер металлургтердің есінде мәңгі қалып қойды. Бүгінде қалалық тарихи-өлкетану мұражайында Алтынбек Дәрібаевқа арналған көрме ұйымдастырылған, онда сол жылдардың фотосуреттерімен қатар ерен еңбекті дәріптеген бұқаралық ақпарат құралдары беттері, кинохроникалық, металлургия заводының алғашқы балқымасының бір бөлшегі секілді басқа да құнды жәдігерлер сақталған.

Алтынбек Дәрібаев туралы әдебиеттер

Алдашева, Р. Комбинатта шыныққан құрыш қайрат: [әйгілі металлург, Социалистік Еңбек Ері Алтынбек Дәрібаевтың 85 жылдығына орай] // Құрыш қала. - 2012.- 20 сәуір (№16).- 6 б.

Садырбаев, С. Еңбек - ерлікке жеткізеді: [ардагер металлург Алтынбек Дәрібаев туралы] // Құрыш қала. - 2014.- 18 шіл. (№29).- 5 б.



Құрастырушы: АББ библиографы
Жанашева К.А.

ОК телефоны: 8(7213)98-47-60
Факс: 8(7213)44-66-81
E-mail: tcsqb@mail.ru



«Теміртау қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлім

Қала тарихындағы есімдер



Алтынбек Дәрібаев

жаднама

Теміртау, 2015

Теміртаудың тектілердің тұғыры атануы жайдан-жай емес, мұны баршамыз білеміз. Талай ұл-қыздарын шыңдап, еңбекпен есейтіп, металлургияның мекеніне айналған шаһарымыздың даңқы әлемге танылды.

Өндірісті өркен жайдырып, қарапайым қазақ баласы үшін бұрын жат болып келген металлургия мамандығын менгеріп, кейін оның майталманы атанған ардагерлер жайлы айтқанда, ең бірінші тіл ұшына Алтынбек Дәрібаевтың аты-жөні оралады.

Ол Қазақ металлургия заводында мартен цехында еңбек жолын бастаған болатын, сөйтіп, қаланың, мұндағы өндірістің дамуына елеулі үлес қосты.


Сонау Оңтүстік өңірде дүниеге келіп, жастайынан жетімдіктің, жоқшылықтың тауқыметін тартқан бала Алтынбек Шәуілдірдегі балалар үйінде тәрбиленді, он жылдық орта мектепті бітірді. Сосын тағдыр оны Теміртаумен тоғыстырды, бұл оның еңбек жолын бастаған, сол еңбектің көрігін қыздырған, бағалаған, даралаған мекеніне айналды.

Стахановшылар қозғалысын қолдап, болатты жылдам, әрі сапалы балқытқан Алтынбек Дәрібаев жайында марқұммен бірге жұмыс істеген әйгілі металлург Иманбаев Олжабай ағамыз былай деп еске алады:

- Мен Алтынбек Дәрібаевпен Мартен цехында тәжірибеден өтіп жүргенде таныстым. Біздің кезімізде ұжым сан ұлттың өкілдерінен құралғанымен,

баршамыздың ауыз бірлігіміз, достығымыз мықты болды. Қандай жетістікке жетіп, биікке көтерілсек, сол ұйымшылдығымыздың арқасында жеттік.

Сталевар болу оңай шаура емес, оның қиындығы мен бейнеті басым, жауапкершілігі мол, ал Алтынбек бұл саланы ұршықша үйіріп әкетті, есімі Қазақстан болатының аңызына айналды. Мен Алтынбекпен бірге одақтың түпкір-түпкіріндегі достық балқымаларына қатыстым, бәрінде жеңіске жеттік.



Металлургияның тағы бір майталманы Сұлтан Сабырбаев «Мен мартен цехына жұмысқа келгенде Алтынбек Дәрібаевтың бойындағы қарым-қабілетке қатты таңғалғам, ол тек болат балқытушы ған емес, шебер ауысым бастығы секілді басқа да жұмыстарды еңбек демалысына кеткендердің орнына өзі атқара беретін.

Коммунистік партияның ХХІҮ съезінде Украинаның Запорожье металлургия комбинатының сталевары Егорь Проскурин үндеу тастаған еді. Оған Алтынбек хат

жазады, сөйтіп, 1971 жылы, 14 қазанда КСРО-ның құрылғанның елу жыл толуына орай достық балқымасы болып, жаңа рекордтар жасалды.



Е. Проскурин мен Алтынбек Дәрібаев небәрі 1 сағат 40 минутта болат қорытты» дейді.

Сөз реті келгенде мына бір естелікті айта кетсем деймін. Ұмытпасам, 1968 жылы болатын, комбинаттың оттегі-конвертор цехына болат қорытушы ретінде Алтынбек Дәрібаевтың кандидатурасы ұсынылды. Сөйтіп, қазақ заводынан М.Беленкович, Н.Соколов, Қ.Меңлібаев, М.Марченко сынды мамандар конвертор цехына ауыстық. Сол 1968 жылдың мамыр айында оқып-үйренуге мені Липецкіге, ал Алтынбек ағаны Ждановқа жіберді. Тағдырдың жазуы болар, екеуіміз 48 сағат Мәскеуде бірге болып, Қызыл алаңда суретке түстік. . Алдымыздағы бағыт-бағдарымыз бен мақсатымыз туралы, конвертор цехының болашағы мен халықтар достығы секілді